

**Меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы**

Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 18 шілдедегі № 218 қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 20 шілдедегі № 55-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 13 тамызда № 2617 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 50-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 27, 37-баптарына сәйкес және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін ұтымды пайдалану мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және V шақырылған облыстық мәслихат кезектен тыс IV сессиясында **ШЕШТІ**:

1. Меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес **б е л г і л е н с і н .**

2. Атырау қаласы және аудандар әкімдері, "Атырау облысы Жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулы мен шешімнің мүлтіксіз орындалуын **қ а м т а м а с ы з** е т с і н .

3. Осы қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.О. **И с м ұ р а т о в қ а** жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы мен шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және олар алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Б. Рысқалиев*

*С е с с и я* *т ө р а ғ а с ы ,*

*мәслихат хатшысы*

*С. Лұқпанов*

О б л ы с ә к і м д і г і н і н

2012 жылғы 18 шілдедегі № 218

қаулысына және облыстық мәслихаттың

2012 жылғы 20 шілдедегі

№ 55-V шешіміне қосымша

**Жергілікті жағдайларға және көрсетілетін жерлердің пайдалану ерекшеліктеріне қарай меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері**

(гектар)

№	Қалалар және аудандар атауы	Бір әкімшілік ауданның (қаланың) шегінде орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерлері, олар болуы мүмкін:			
		Жеке меншік құқығымен			
		Қазақстан Республикасының азаматында шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін		Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	
		Барлығы	Оның ішінде суармалы	Барлығы	Оның ішінде суармалы
1	Атырау қаласы	3,0	1,0	15,0	5,0
2	Жылыой	40,0	0,0	200,0	0,0
3	Исатай	100,0	1,0	500,0	5,0
4	Индер	100,0	1,0	500,0	5,0
5	Қызылқоға	150,0	1,0	750,0	5,0
6	Құрманғазы	50,0	1,0	250,0	5,0
7	Мақат	50,0	0,0	250,0	0,0
8	Махамбет	2,7	1,0	250,0	5,0

кестенің жалғасы

№	Қалалар және аудандар атауы	Бір әкімшілік ауданның (қаланың) шегінде орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерлері, олар болуы мүмкін:					
		Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен				Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен	
		Қазақстан Республикасының азаматында шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін 10 жылдан 49 жылға дейін		Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін 49 жылға дейін		Шетелдіктерде, азаматтығы жоқ адамдарда тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін 10 жылға дейін	
		Барлығы	Оның ішінде суармалы	Барлығы	Оның ішінде суармалы	Барлығы	Оның ішінде суармалы
1	Атырау қаласы	3,0	1,0	15,0	5,0	1,5	1,0
2	Жылыой	40,0	0,0	200,0	0,0	20,0	0,0
3	Исатай	100,0	1,0	500,0	5,0	50,0	1,0
4	Индер	100,0	1,0	500,0	5,0	50,0	1,0
5	Қызылқоға	150,0	1,0	750,0	5,0	75,0	1,0
6	Құрманғазы	50,0	1,0	250,0	5,0	25,0	1,0
7	Мақат	50,0	0,0	250,0	0,0	0,0	0,0
8	Махамбет	2,7	1,0	250,0	5,0	25,0	1,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК